

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

3. Шалимова Л. А. Культура восприятия семантики цвета в тесте Макса Люшера // МНКО. 2014. №1 (44). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kultura-vospriyatiya-semantiki-tsveta-v-teste-maksa-lyushera> (дата обращения: 13.04.2024).
4. Гамезо М.В., Домашенко И.А. Атлас по психологии: Информ.-метод, пособие курсу Г18 «Психология человека». - М.: Педагогическое общество России, 2004. - 276 с.
5. Изард К.Э. Психология эмоций пер. с англ. СПб., 1999. -464 с.

ӘОЖ 159.9

## **ИНКЛЮЗИВТІ ПРАКТИКАДАҒЫ ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ**

**Турманова Жанагул Егембердиевна**

[turmanova74@mail.ru](mailto:turmanova74@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
«8D03103- Психология» мамандығының докторанты  
Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Рыскулова М.М.

Қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастыру психологиялық қауіпсіз және мейірімді ортаны құруға ықпал етеді, бұл жалпы алғанда қоғам дамуының моральдық, этикалық, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне оң әсер етеді.

Қазіргі уақытта ерекше қажеттілігі бар адамның білімі де, қоғамдағы орны да «инклюзия» терминін көрсетеді, бұл көмек алушының қажеттіліктеріне бейімдеу қажеттілігін білдіреді. Инклюзия процесі мен интеграцияның басты айырмашылығы - интеграция оқыту немесе үйрету технологиясы, ал инклюзия – әлеуметтік-мәдени технология деп есептеуге болады.

Инклюзия - бұл ұзақ мерзімді стратегия, ол бір бағыттағы жұмыс орны ретінде емес, жалпы психологиялық қызмет көрсету жүйесін ұйымдастырудағы пәнаралық тәсіл ретінде қарастырылады.

Инклюзия сол мекеменің барлық субъектілеріне қатысты: мысалы білім беру саласында балалар, жасөспірімдер және мүмкіндігі шектеулі ересектер, олардың ата-аналары, қалыпты дамып келе жатқан оқушылар мен олардың отбасы мүшелері, педагогтар және білім беру кеңістігінің, әкімшіліктің, қосымша білім беру құрылымдарының басқа мамандары және т.б. қамтылады.

Нақтылып айтқанда әлеуметтік қоғам кеңістігіне инклюзияны енгізу мен іске асырудың негізгі шарттары жүйелілік пен үздіксіздік болып табылады. Және де ерекше көмек қажеттілігі бар кез-келген индивид өмір сүру кезеңін инклюзия арқылы дамыту керек. Мұны біз инклюзивті мәдениетті қалыптастыру дейміз. Ал инклюзивті мәдениет дегеніміз - бұл барлық қабылданған құндылықтар мен инклюзивтілік принциптері негізінде жұмыс істейтін білім беру процесінің барлық қатысушылары (басшылық, атқарушы қызмет құрамы, кез келген ересек адам және ерекше қажеттілігі бар жандар) арасындағы қарым-қатынас жүйесі.

Инклюзивті мәдениет адамдардың бір-біріне деген толерантты, адамгершілікті, қауіпсіз қарым-қатынасында көрінеді, онда ынтымақтастық идеялары бөлінеді, білім беру процесінің барлық қатысушыларының дамуы ынталандырылады, мұнда әрқайсысының құндылығы жалпы жетістіктердің негізі болып табылады.

Бүкіл ұжымның бір бөлігі болу маңызды, егер бір адам екінші адамнан жан-жақты білімі жағынан мықты болса, онда мүгедектіктің болуы немесе болмауына қарамастан, әркім өзінше басқа адамға көмектесе алады. Мұнда адамдардың аяушылыққа, мүсіркеушілікке емес өзара көмекке, жауаптылыққа, мейірімділікке, жанашырлыққа үйренеді, ал мұнда этимологиялық жағынан «жанашырлық» сөзбе-сөз мағынада «біреумен бірге сезіну» дегенді білдіреді. Сипатталғандардың бәрінен көрініп тұрғандай, инклюзивті білім – гуманизм

идеяларының дамуының нәтижесі, «кедергісіз» орта құру. Инклюзивті тәжірибесі бар мекемелер мен қоғам арасында тығыз, жақын, достық қарым-қатынас орнатуды білдіреді.

Әрине, инклюзивті ойлаудың дамуы тек тәрбиеге ғана емес, сонымен бірге ерекше көмекке қажет адамдармен жеке қарым-қатынас тәжірибесіне де байланысты, тіпті қазір 21 ғасырда да осындай жағымсыз тенденция сақталуда, адамдар мүгедек адамдармен қарым-қатынас жасаудан қорқады, зиян келтіруден қорқады, олармен қалай байланысуға және өзара әрекеттесуге болатынын көбінесе білмейді.

Инклюзия сол процеске қатысушылардың әрқайсысына әсер етеді, қарым-қатынастағы тұлғаның рөлі туралы түсінікті өзгертеді, бұл өте маңызды, өйткені, сайып келгенде, біз бәріміз бір кеңістікте өмір сүреміз, ол бір-бірімен өзара әрекеттесудің әртүрлі формаларын болжайды.

Осы тұста психологтың инклюзивті практикадағы кәсіби құзыреттілігін айқындайды. Қазіргі психологиялық қызмет көрсету жүйесінде психологтың кәсіби құзыреттілігін дамытуға және кәсіби маңызды сапаларын жетілдіруге ерекше назар аударуда.

Кәсіби маңызды қасиеттерді зерттеу және қалыптастыру мәселесімен айналысқандар Б.Г. Ананьева, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, В.А. Слостенин, В.Л. Марищук, С.В. Мелешина, Л.Ф. Спирин және т.б. бұл ұғымдардың мағынасын басқаша түсіндіріп берген. Дегенмен, олардың барлығы бір ойға жақындады: қарапайым және қол жетімді тілмен айтқанда, кәсіби құзыреттілікті маманның жұмысты дұрыс орындау қабілеті деп атауға болады. Олардың еңбектерінің арқасында кәсіби құзыреттілік – бұл тиімді қызмет ету үшін маманға қажетті білім мен дағдылардың, икемділіктер мен қабілеттердің жиынтығы.

Сондай-ақ, кәсіби құзыреттіліктің анықтамасын «көп факторлы құбылыс» деп айтуға болады. Бұл тұжырымдаманың дәл анықтамасын Б.С. Гершунскийдің еңбектерінен көруге болады, мұнда маманның кәсіби құзыреттілігі «теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі» деп түсіндіреді [1].

Инклюзивті практикада маманның ұстанымы шешуші рөл атқарады, мысалы балалар ұжымындағы психологиялық климат оның құзыреттілігі мен инклюзивті ойлаудың даму деңгейіне байланысты, әр баламен жұмыс істей білу және командада дұрыс қарым-қатынас орнату өте маңызды, егер біз инклюзивті білім туралы айтатын болсақ, онда мұғалім, әрине, кез-келген оқушының даму әлеуетін психологиялық тұрғыдан қабылдауы және объективті бағалауы қажет.

Яғни, инклюзивті тәжірибе өзара әрекеттесудің жаңа мүмкіндіктерін ашады, кішкентай кезінен бастап балалар әр адамның әр түрлі екенін және бұл қалыпты жағдай екенін түсінетінін С.В. Алехиной, М.М. Семаго өз еңбектеріне арқау еткен [2].

Инклюзивті практика саласындағы психологтың өз қызметін тиімді жүзеге асыра алуға кәсіби құзыреттілікті дамытудың жоғары деңгейінің арқасында ғана қол жеткізеді [3].

Бірақ біліктілікті кәсіптік білімді меңгеру сияқты дипломмен бірге алу мүмкін емес. Кәсіби шеберлікті, икемділікті дамыту және қажетті құзыреттілікке жету үшін көп ізденістер мен кәсіби тәжірибелер керек.

Өкінішке орай, инклюзивті салада жұмыс істейтін мамандар әлі де нақты бағыт-бағдар алатын жүйе жоқ. Мысалы, жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруде «ерекше» балалармен жұмыс істеуге педагог-психологтарды даярлау жүйесі әлі жеткілікті түрде әзірленбеген. Сондықтан білім беру мекемелерінің психологтары «дамуында әртүрлі проблемалары бар балалармен жұмыс» жасауға дайын емес. Яғни, психологтың инклюзивті білім берудегі кәсіби құзыреттілігі кәсіби дайындықтың жоғары деңгейін, психологияны жақсы білуді және баланы зерттеу мен тексерудің әртүрлі психологиялық әдістерін меңгерудің жоғары деңгейін ғана емес, ең бастысы, алынған деректермен сәйкесінше жұмыс жасай алу қабілетін де қамтиды.

Дегенмен, осы мәселе аясында әр түрлі тренингтер, вебинарлар, конференциялар, семинарлар, біліктілікті арттыру курстары да өткізілуде. Мұндай іс-шараларда әртүрлі мәселелер талқыланады, жас маман қызығушылық тудыратын сұрақ қоя алады және өзінің жұмыс тәжірибесі негізінде толық ақпарат ала алады. Осылайша, әріптестер бір-бірінің

құзыреттілігін арттырады, сонымен бірге көптеген проблемалық мәселелерді бірге шешеді, бұл іс жүзінде психологтар мен теоретиктердің консилиумына ұқсас. Бірақ, білім беру жүйесінде тәжірибе алмасу сәнге айналды, онда тәжірибелі мамандар шеберлік сабақтарын өткізеді, кәсіби шеберліктерін көрсетеді, жұмыс тәжірибелерімен бөліседі. Алайда нақты жұмыс жасаудың алгоритмі әлі де болса нақтылықты талап етеді, яғни инклюзивті тәжірибеде психолог маманының нақты жұмыс алгоритмі мен функционалды атқаратын қызметтеріне еңбек ету шарты жасалмаған.

Біздің алдағы міндетіміз, инклюзивті тәжірибедегі психолог маманының кәсіби әрекетін талдауда әдіснамалық және әдістемелік негіз қалыптастыру. Ең алдымен, инклюзивті білім беру кеңістігіндегі психолог қызметінің мазмұны мен ерекшелігін талдап алған дұрыс. Педагог-психологтың практикалық жұмысы білім беру мекемесіндегі оқу-тәрбие жұмысын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүйесіндегі педагог-психолог қызметінің моделі негізінде құрылады.

Атап айтқанда, қоғамда мүмкіндігі шектеулі балаларды табысты бейімдеуді, оңалтуды қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау; «ерекше» балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға әлеуметтік-психологиялық жәрдемдесу.

Инклюзивті білім беру процесінің барлық қатысушылары (балалар мен олардың ата-аналары, педагогтар, тәрбиешілер және білім беру мекемесінің әкімшілігі) осындай қолдауды қажет етеді. Осы жерде Б.С. Гершунскийдің «білім мен қоғам бөлінбейді», -деген сөзін атап айтсақ болады [2].

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу - бұл білім беру мекемесінің қазіргі штатына байланысты мамандар ұжымы ұйымдастырған іс-шаралар кешені: педагог-психолог, тәрбиеші, педагог-дефектолог, логопед, тьютор және т.б. Бұл сүйемелдеу психологтың білікті жұмысынсыз жүргізілмейді. Осы жерде айтарымыз, педагог-психолог тәрбиешілермен, логопедпен, білім беру мекемесінің қызметкерлері және басқа да қызметкерлері инклюзивті процеске қатысушысының құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмей, әрбір баланың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратын индивидтің жеке дамуы мен оқуының бірыңғай жүйесін ұйымдастыруға қабілетті оңалту моделін әзірлеуі қажет.

Инклюзивті білім берудегі психологтың қызметі туралы жиналған ақпаратты талдай отырып, инклюзивті тәжірибе кеңістігінде психологтың негізгі кәсіби және жеке қасиеттерін топтастыруға болады:

- Эмоционалды тұрақтылық (тепе-теңдік, тыныштық);
- ойлаудың кеңдігі (шығармашылық ойлау әдісі, әр түрлі бағытта ойлау қабілеті);
- копинг мінез-құлық (стратегияның тиімді жаққа тез өзгеруі);
- әлеуметтік белсенділік (қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында әлеуметтік маңызы бар өзгерістерге қабілеттілік және икемділік);
- эмпатия және қамқорлық (жанашырлық қабілеті, әрқашан көмекке келуге дайын болу);
- мүмкіндігінше экстраверт болу (көпшіл, қоршаған әлемге ашықтық);
- тез шешім қабылдағыштық, байланысқа тез түсе алу;
- ізгі ниет; шыдамдылық; сенімділік;
- академиялық адалдық пен кәсіби әдептілік (өзінің жүргізген диагностикалық және психологиялық-педагогикалық іс-шаралары ешкімді де ыңғайсыз жағдайға қалдырмайтындай етіп құра білуі).

Осы жоғарыда атап өткен жеке тұлғалық қасиеттер психологтың кәсіби құзыреттілік компоненттерін қалыптастырады. Мұны А.К. Бисембаева ғылыми мақаласында ұсынған жіктеме арқылы сипаттауға болады [4]. Атап айтқанда:

- когнитивті компонент: жалпы, жас, әлеуметтік, педагогикалық, арнайы психология бойынша білім жиынтығы, сонымен қатар инклюзивті ортаны жобалау кезінде психологиялық білімді қолданудың өзіндік тәжірибесінің бар болуы.

- тәсілдік-белсенді компонент: дағдылар, икемдер, құзыреттер, сондай-ақ психологиялық маңызды ақпарат негізінде жағдайларды жобалау алгоритмін меңгеруі;

- эмоционалды-құндылық компоненті: маманның инклюзия идеологиясын қабылдауы, психологиялық ақпаратты жеке және кәсіби маңызды құндылық ретінде түсінуі, «ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға» жағымды құндылық-семантикалық көзқарасын қалыптастыра алуы;

- конативті компонент: психолог пен клиенттің арасындағы қашықтықты қысқартуға байланысты мінез-құлық үлгілерін игеруге, жағдайға сәйкес келетін мінез-құлық реакциясын таңдауға дайындығы, копинг-стратегиялар;

- жеке компонент: субъективтілік, жауапкершілік, шығармашылық, толеранттылық, эмпатия, рефлексия сияқты қасиеттерді қамтуы.

Сонымен, психолог маманының инклюзия саласында жұмыс жасауы - бұл психологиялық қызметтің локальдік бөлігі ғана емес, тұтастай алғанда сол жүйенің қызметін ұйымдастырудағы пәнаралық тәсіл ретінде қарастырылатын ұзақ мерзімді стратегияны талап етеді. Осындай инклюзивті салада күрделі іс-әрекетке дайын болу үшін психолог өзінің кәсіби әрекетін өнімді ету үшін бәрінен бұрын қорғаныс механизмдерін ескергені пайдалы. Өйткені осы механизмдер күрделі немесе ыңғайсыз эмоциялардан, ойлардан немесе кейбір жағдайлардан қалай шығып күресетінін және қорғанатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Осы айтылып отырған қорғаныс механизмдерін түсіну келесі артықшылықтарды береді:

- өзін-өзі талдау, рефлексиялық күй; мұнда психолог өз мінез-құлқы мен реакцияларына терең түсіну арқылы осы салада жеке өсуге мүмкіндігі бар ма, өмірдегі оң өзгерістерге ықпал етеді ме деген сұрақтарға өзі іштей жауап алады.

- эмоционалды реттеушілік; өзінің эмоциялық күйін бақылауда ұстауы, өзінің жағымсыз эмоцияларымен кездесуден аулақ болу үшін күресу механизмдерін қашан қолданатынын анықтай алады. Мұны білу көңіл-күйді, сол кездегі сезім мен күйіңізді басқарудың сау жолдарын дамытуға мүмкіндік береді.

- психологиялық әл-ауқат; қоршаған орта және субъектілермен жайлылықты сезінуі мен адекваттылықты қамтамасыз етеді.

- қарым-қатынасты жақсарту; қорғаныс механизмдерінің қалай көрінетінін біле отырып, адам басқалармен қарым-қатынасына әсер етуі мүмкін зиянды мінез-құлықтарды тануға және жоюға мүмкіндік алады.

Кәсіби әрекеттерді атқаруда қорғаныс механизмдерін білу психикалық және эмоционалды жағдайды жақсартуға көмектеседі. Сондай-ақ, тұлғаның копинг-стратегияларын жасауға, стресс деңгейін төмендетуге және жалпы психологиялық тұрақтылық пен қолайлықты арттыруға мүмкіндік береді. Осы мәселені шешудегі отандық және шетелдік тәжірибені талдай отырып, инклюзивті тәжірибені қалыптастыру гуманистік ұстанымды, сәтті әлеуметтену мен дамытуға ықпал ететін, толеранттылықты, плюрализмді, жауапкершілікті дамытуды ынталандыратын тұлғалар болу керектігін атап өткен жөн. Демек, инклюзивті салада кәсіби сауатты, табысты, психологиялық құзыреттілігі қалыптасқан мамандар қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Гершунский Б.С. Менталитет и образование. - 1996. 144 с.
2. Создание и апробация модели психолого-педагогического сопровождения инклюзивной практики: методическое пособие / под общ. ред. С.В. Алехиной, М.М. Семаго. – М.: МГППУ, 2012. – 156 с.
3. Инклюзивная практика в высшей школе: учебно-методическое пособие / А.И. Ахметзянова, Т.В. Артемьева, А.Т. Курбанова, И.А. Нигматуллина, А.А. Твардовская, А.Т. Файзрахманова. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2015. – 224 с.
4. Бисембаева А.К. Компетентный подход в подготовке будущих педагогов-психологов к профессиональной деятельности в инклюзивной среде // Вестник КГПИ. -2016. -№6. -С. 61-65